



TANK 300



Прогресс кімнен басталады?

Егер сен болмасаң, онда кім уақытқа тәуелді болмай, өзінің ерекше көзқарасымен әлеммен бөлісетін болады? Қандай да болсын жағдайды еңсеріп, жайлылық шегінен шығатын болады? Өз жолын тауып, барлығын өзінің артынан жаңа ашылуларға жетелейтін болады? Прогресс сеннен басталады.

TANK. Прогрессті басқар.





Прогресс эстетикасы

Егер менен қандай мінезді аса бағалайсың деп сұраса, мен ойланбастан бірбеткейлік деп жауап берер едім.

Қарапайым форма күрделі көзқарасқа қарағанда айқын болуы мүмкін. Сондықтан мен Tank 300-дің ықшамдылығын ұнатамын. Тік сызықтар, бұрыштық формалар, қара құйма дискілер - осымен бәрі айтылады.

-
- Қара құйма дөңгелек дискілері 17"
 - Шатырдағы рейлингтер



Болашаққа жарық түсіру

Бала кезімде мен жиі серуендеп, өзіммен бірге қол шамын алып жүретінмін. Бірде біздің топ адасып кетті. Кеш батып, түн келді, сонда тек қол шамы біздің жолымызды жарықтандырды. Содан бері мен оны тастамаймын.

Ол қазір TANK 300 кілттерінде ілулі тұр. Тек осылай ғана мен оған ештеңе болмайтынына сенімді бола аламын. Өйткені, кілтсіз кіру жүйесінің арқасында кілттер әрқашан қалтамда болады. Тіпті егер қол шамын жоғалып алсам да, TANK 300 дөңгелек фараларына қараған сайын ол есіме түсіп отырады. Өйткені, олар тіпті ең қараңғы түнде де жолды жарықтандыра алады.

- Толық жарықдиодты оптика
- Айналарды жинаудың электр жетегі
- Кілтсіз кіру



Бәрі өз орнында

Жинақы болу маған тек жұмыста ғана емес, өмірде де көмектеседі. Мен іздеуге артық уақыт жұмсамау үшін бәрін қол астымда болғанын ұнатамын. Мен өзімнің теннис ракеткамды, үйде ескі фотоальбомымды немесе аспаптар панелінен қажетті ақпаратты оңай таба аламын. TANK 300 руліндегі батырмалардың орналасуын оңай есте сақтауға болады, сондықтан бір нәрсені өзгерту немесе реттеу үшін көлік жүргізуден алаңдаудың қажеті жоқ. Ал футуристік селектор қолың өзі табатындай етіп орналастырылған. Дизайнерлердің тек стильге ғана емес, ыңғайлылыққа да мән бергені әрдайым қуантарлық.

- Жылыту функциясы бар көп функциялы руль дөңгелегі
- Цифрлық аспаптар панелі 12,3"
- Стильді беріліс қорабын ауыстыру тұтқасы

Жоғары талаптар

Жақсы нәрселер тез жалықтырады. Біраз уақыттан кейін олар жалықтырып, олардың жаңалығын сезіну және жаңа әсерлер алу қиындай түседі. Сондықтан мен TANK 300 интерьерін ерекше ететін бөлшектерді аса бағалаймын. Талғампаз циферблат, дөңгелек ауа өткізгіштер және есіктердің қаптамасындағы ромб тәрізді тігіс тіпті ең талапшыл жүргізушіні таң қалдыратын ерекше атмосфера жасайды.

- Ауа өткізгіштердің стильді дизайны
- Интерьердің жарқын дизайны және премиалды әрлеу материалдары
- Мультимедиялық дисплей 12,3"



Қайыспайтын күш

Көптеген жылдар бойы саяхаттау өз ізін қалдырады. Әлемнің түкпір-түкпірінде болғаннан кейін мен ең алдымен адамдардың табандылығы мен сенімділігін бағалай бастадым.

Мен қайда барсам да, әрқашан TANK 300-ге сене алатынымды білемін. Оның қуатты жақтауы, жетілдірілген жол талғамайтын көмекшілері және жоғары геометриялық өтімділігі кез-келген жағдайдан алып шығады. Мен оған толық сенемін.




-
- Нағыз жол талғамайтын көліктің сипаттамалары

Нағыз профи

Мені кейде экстремалды спортқа тартады. Бұл күнделікті өмірді қызықты етуге және эмоцияларға толы қуат алуға көмектеседі. Бірақ экстриммен айналысу үшін өз серіктесіңе толықтай сенуің керек. Әдетте бұл рөл үшін мен тәжірибелі нұсқаушыны өзіммен бірге алып жүремін. Ол әрқашан бір қадам алға қарайды және бірнеше трюктерді біледі. TANK 300-де мұндай трюктердің қатарына барлық дифференциалдарды құлыптау, көтерілу және төмен түсу кезінде көмек көрсету жүйесі және "Мөлдір капот" функциясы кіреді. TANK 300 - бұл өз ісінің нағыз профессионалы.

-
- "Мөлдір капот" функциясы
 - Еңісте қозғалу кезінде көмек көрсету жүйесі
 - Барлық дифференциалдарды құлыптау





Әрқашан шешімін табады

Мен демалысымды теңіздегі қонақүйде өткізетін адам емеспін. Бірде шытырман оқиғаны қалап, қарлы далада қалдым. Жолдың орнына қарда жүретін көлікпен тапталған соқпақ жол болды, ал оның шеттерін омбы қар басқан.

TANK 300-дың орнында тұрып бұрылу қабілеті болмағанда, онда мен сол жерде тұрып қалар едім. Автокөлік тар жерде бұрылып, мені қар қақпанынан алып шықты. Әрі қарай, ақылды толық жетекті жүйе іске қосылды. Мен сегіз қозғалыс режимінің бірін таңдадым және жолға еш уайымсыз оралдым.

- "Жолдан тыс жерде бұрылу" функциясы тек жолдан тыс жерде жұмыс істейді. Ол артқы ішкі дөңгелекті тежейді, осылайша автокөлік шектеулі кеңістікте бұрыла алады.

- Қозғалыс режимін таңдау жүйесі (8 режим)
- "Жолдан тыс жерде бұрылу" функциясы



Нағыз атлет

Прогрессивті тәсілдің қолданылғаны тіпті капоттың астында сезіледі. Онда екі литрлік турбо қозғалтқыш орнатылған. Ол үнемді және қуатты, сондықтан онымен қысқа, сол сияқты ұзақ қашықтықта жүру ыңғайлылық сезімін береді.



- Тікелей жанармай бүркі және турбоүрлеуі бар 220 а. к. қозғалтқышы

Қорғаныс жүйелерімен қапталған

Менің үйім - менің бекінісім. Бірақ мен әрқашан ашық ауада көп уақыт өткізгім келетін. Қазір мен өз пәтерімнен гөрі, автокөлікте көбірек уақыт өткіземін. Шынымды айтсам, бұл мені тіпті қуантады. TANK 300-де мен өзімді мүмкіндігінше сенімді және қауіпсіз сезінемін. Өйткені, мені берік жақтау, сыртқы камералар және көптеген қауіпсіздік жүйелері қорғайды. Бірақ болғым келмейтін жағдай - бұл алты қауіпсіздік жастығының құшағында болу. Бірақ олардың болғаны, әрине, жақсы.

- 360° айналма көру камерасы
- Жоғары беріктігі бар болат жақтауы



Барлығы бақылануда

Менің достарым автокөліктердің жақын арада өздігінен жүре алатынын айтады. Мен TANK 300-ге отырғанға дейін күмәнданған болатынмын. Онда көптеген ақылды көмекшілер бар. Әрине, ол өздігінен басқарып, жүре алмайды, бірақ оның әрдайым сергек екенін сезуге болады.

CITY жабдықтауындағы TANK 300 ақылды интеллектуалды толық жетекпен жабдықталған, осылайша ол автокөлікті басқару одан да ыңғайлы болу үшін жол төсеміне байланысты өз конфигурациясын өзгерте алады.

- Төмен жылдамдықта тежеу көмекшісі
- Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі
- Интеллектуалды толық жетек*
- Кептелісте қозғалу кезінде көмек көрсету жүйесі*

Мінсіз үстемдік

Әр ойыншы мені қазір түсінетін болады: девайстар неғұрлым жақсы болса, соғұрлым ойнау оңайырақ болады. Автокөліктерде де солай, тек девайстардың орнына бұл жерде жайлылық пен қауіпсіздіктің жетілдірілген функциялары бар. Олармен бірге сен жүргізуші ретінде жолда ашық үстемділікті сезінесің.

Сондықтан TANK 300-пен кез-келген сапар - бұл қиындық деңгейі төмен ойын сияқты: автокөлік өзі жылдамдатылады, тоқтайды және жолақта өзін ұстай алады. Ал саған бар болған тек жолды мұқият бақылап отыру қалады.

Кептелісте қозғалу кезінде көмек көрсету жүйесінің және соқыр аймақтарды бақылау жүйесінің арқасында тіпті ең тығыз қалалық трафикте де еш уайымсыз қозғалуға болады.

TANK 300 интеллектуалды көмекшілеріне мыналар кіреді: кеңейтілген мүмкіндіктері бар электронды тұрақтандыру жүйесі, автокөліктің шұғыл тежеуі кезінде көмек көрсету жүйесі, төмен жылдамдықта автоматты тежеу функциясы, төмен жылдамдықта қозғалу функциясы бар бейімделетін круиздік бақылау, жолаққа қайтару функциясымен жолақтан шығу туралы ескерту жүйесі, жолақтың ортасында ұстау және "ақылды жалтару", жүргізушінің шаршауын бақылау жүйесі, жол белгілерін тану жүйесі, интеллектуалды круиздік асистент.

*CITY жабдықтауында қол жетімді





Жайлылық аймағы

Үнемі жаз бола бермейтіні өкінішті. Тұрақты аязға да төзуге тура келеді. Сондықтан жылыну үшін өзімнің TANK 300-ге қуана ораламын.

Екі аймақтық климаттық бақылау салондағы температураны толық бақылауды қамтамасыз етеді және алдыңғы орындықтарды желдету және жылыту функциясымен нағыз жазғы атмосфераны құруға болады.

- Екі аймақтық климаттық бақылау, рульді, алдыңғы орындықтарды және алдыңғы әйнекті жылыту
- Жүргізуші үшін 8 бағыт бойынша және жолаушы үшін 4 бағыт бойынша электр реттеу функциясы бар эргономикалық креслолар
- Жылыту, массаж және желдету функциялары





1

Эмоциялар заряды


Кейінгі уақытта мен люкті ашып, аспанды суретке түсіруге құмар болып жүрмін. Әсіресе қала орталығында, ескі сәулетпен қоршалған жерде сурет керемет шығады.

Ал жүксалғыштағы қуаттаудың арқасында мен әрқашан жазылмандарымның жаңа фотосуреттерсіз қалмайтынына сенімді бола аламын.

CITY жабдықтауына сымсыз қуаттау кіреді: ол енді әрқашан толық қуатталған смартфонға ыңғайлы қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

- Электр жетегі бар панорамалық шатыр және люк
- Жүксалғыштағы 220В розетка
- Сымсыз қуаттау*

*CITY жабдықтауында қол жетімді



Ырғақты сезіну

Маған классикалық музыка ұнайды. Бірақ оны кез келген көлікте тыңдай алмайсың. TANK 300 үшін бұл проблема емес. Infinity аудио жүйесі сегіз динамиктен және сабвуферден тұрады. Сондықтан музыка сен нағыз концертте отырғандай естіледі.




- Infinity премиалды аудио жүйесі

Техникалық сипаттамалары

	TANK 300	TANK 300 CITY
Ұзындығы × ені × биіктігі, мм	4760 × 1930 × 1903	
Жолменкөліктің төмен нүктесі арасындағы қашықтық, мм	224	
Қозғалтқыш түрі	Бензинді қозғалтқыш, тікелей жанармай бұркумен және турبوурлеумен	
Жұмыс көлемі, см ³	1967	
Максималды қуаты, а. к. / кВт / айн/мин	220 / 162 / 5500	
Максималды айналу моменті, Нм / айн / мин	380 / 1800–3600	
Беріліс қорабы	8-сатылы, автоматты	
Жетек түрі	Толық, қатты жалғанатын алдыңғы осьпен (Part-Time) және төмен беріліспен	Толық, алдыңғы дөңгелек жетегіндегі көп дискілі муфтамен (Torque on Demand) және төмен беріліспен
Алдыңғы аспа	Тәуелсіз, серіппелі, екі тұтқалы, бойлық тұрақтандырғыш стабилизаторымен	
Артқы аспа	Тәуелсіз, серіппелі, тұтқалы, бойлық тұрақтандырғыш стабилизаторымен	
Жарақталған салмағы, кг	2230	
Шиналар/дискілер	265/65 R17	
Жанармай багының көлемі, л	80	
Жанармай шығыны, аралас цикл, л/100 км	10,7	
100 км/сағ дейін үдеу, сек	10,6	

"Хавейл Мотор Казахстан" ЖШС алдын ала ескертусіз автокөліктің кез келген жинақтамасына кез келген конструктивті өзгерістер енгізуге айрықша құқықты өзіне қалдырады. Автокөліктерге қатысты ұсынылған ақпарат ақпараттық сипатқа ие және жария оферта болып табылмайды.

Габаритті өлшемдері



Дөңгелек дискілері



17" қара құйма дискілер

Шанақ түсі



Ақ



Қара



Қызғылт сары



Сұр



Қызыл

Интерьер



Қара



TANK = ТЭНК.

Фотосуреттерде ұсынылған модификациялар ҚР-ға жеткізілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Автокөлік жинақтамасын нақтылау және қосымша ақпарат алу үшін ресми TANK дилерлеріне хабарласыңыз. TANK автокөліктеріне 5 жыл немесе 150 000 км жүріс кепілдігі қолданылады.

Толығырақ ақпаратты tank.com.kz біздің ресми сайтымыздан таба аласыз. Кепілдік қызмет көрсетудің толық сипаттамасы tank.com.kz/ru/pokupatelyam/usermanuals бойынша модельді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың электрондық нұсқасында жарияланған.

Автокөліктерге қатысты ұсынылған ақпарат таныстыру сипатына ие және жария оферта болып табылмайды. "Хавейл Мотор Казахстан" ЖШС алдын ала ескертусіз автокөліктер жинақтамасына және кепілдік саясатына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. "Хавейл Мотор Казахстан" ЖШС, 2024.